



## **Қазақстан Республикасы Минералдық-шикізаттық кешенінің ақпараттық-презентациялық орталығы туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 маусымдағы  
N 799

Жер қойнауын пайдалану саласында ақпараттық-консультациялық қызметті жүзеге асыру үшін және Қазақстан Республикасының Минералдық-шикізаттық кешеніне инвестициялар тартуды одан әрі ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің Геологиялық мұражайы мен "Минеральные ресурсы Казахстана" журналы редакциясының негізінде бизнес клубымен бірге Қазақстан Республикасының Минералдық-шикізаттық кешенінің ақпараттық-презентациялық орталығын құру туралы Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің бастамасы қолдансын.

2. Қазақстан Республикасының Минералдық-шикізаттық кешенінің ақпараттық-презентациялық орталығына өзін-өзі ақтауды қамтамасыз ету үшін бизнестік қызмет көрсетуге, сауда-тамақтандыру қызметін көрсетуге және спорт клубына рұқсат берілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі